

Alatau City Club ережелері

Alatau City Club ережелері Alatau City Club жұмыс шарттарын, Alatau City Club-қа кіруді, Alatau City Club-қа қатысуды, сауда платформасының, Банктің және Сатушылардың құқықтары мен міндеттерін, Клиенттерді ақпараттандыру тәртібі мен шарттарын, төлем құралдарын пайдалану тәртібін, жеңілдіктер мен артықшылықтар беру тәртібі мен шарттарын, Alatau City Club туралы ақпаратты орналастыру тәртібін белгілейді.

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. **Банк** – Alatau City Club шеңберінде Сатушыға, Клиентке және Сауда платформасына банктік қызмет көрсетуді жүзеге асыратын "Alatau City Bank" акционерлік қоғамы;

1.2. **Қолжетімді сома** – Банк Клиентке берген сатып алу үшін қолжетімді ақша сомасы;

1.3. **Alatau City Club туралы нұсқауды қамтитын шарттар** – тараптары ерікті негізде Alatau City Club-қа кіруге келіскен келісімдер мен шарттарды, оның ішінде Банк пен Сауда платформасы арасындағы Alatau City Club ұйымдастыру туралы келісімді, Сауда платформасы мен Сатушылар арасындағы сауда платформасының қызметтерін көрсету туралы шарттарды, Банк пен жеке тұлғалар арасындағы банк қызметтерін көрсетуге арналған шарттарды, қосылу шартын (Сауда платформасының офертасын) білдіреді;

1.4. **Байланыс арнасы** – Сауда платформасы және/немесе Банк айқындайтын тәртіппен және шарттарда пайдаланылатын электрондық пошта (email), мәтіндік хабарлар (USSD/SMS), push-хабарламалар, интернет-банкинг, мобильді банкинг, телебанкинг, мессенджер, телефондар, банкоматтар, POS-терминалдар экранындағы хабарлар, Сайт, МҚ, әлеуметтік желідегі парақтағы хабарлар;

1.5. **Клиент** – Сатушы өткізетін Тауарларды сатып алатын жеке тұлға;

1.6. **Сатып алу лимиті** – сатып алуды жүзеге асыру үшін, оның ішінде Қолжетімді сома шегінде бөліп төлеу үшін Банк Клиентке беретін қарыз ақшаның ең жоғары сомасы;

1.7. **Мобильді қосымша (бұдан әрі – МҚ)** – Клиенттердің/Сатушылардың мобильді және стационарлық құрылғылардан (iOS, Android платформаларында жұмыс істейтін) Сайтқа өз бетінше ауысу мүмкіндігі бар зияткерлік меншік құқығында Банкке тиесілі мамандандырылған бағдарламалық жасақтама;

1.8. **Сатушы** – Сауда платформасымен жасалған және Alatau City Club туралы нұсқауды қамтитын шарттардың талаптарына және Alatau City Club ережелеріне сәйкес Клиенттерге тауарларды өткізетін жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалар;

1.9. **Alatau City Club ережелері** – Alatau City Club-қа қатысу шарттарын, Alatau City Club шеңберінде Клиентке қызмет көрсету тәртібін анықтайтын осы құжат;

1.10. **Сатып алу** – Клиенттердің Сатушылардан тауарларды төлем құралдарының бірі арқылы сатып алуға жұмсаған, қолжетімді сома шеңберіндегі не өз қаражаты есебінен ақша сомасы;

1.11. **Бөліп төлеу** – Банкпен жасалған шартқа сәйкес пайызсыз кезеңде қарызды пайдаланғаны үшін сыйақы түрінде төлемнің болмауын көздейтін ақшаны қайтару талаптары;

1.12. **Alatau City Club** – Сатушылардан, Сатушыларға Клиенттерге тауарларды төлем құралы арқылы, оның ішінде Сатып алуға лимит шеңберінде не Клиенттің меншікті қаражаты есебінен сатып алуға мүмкіндік беретін шарттар мен Ережелердің талаптарын орындау үшін Сатушыларды, Сауда платформасын және Банкті біріктіру;

1.13. **Сайт** – төлем құралдарының барлық түрлерін пайдалана отырып, Сатушылар мен Клиенттер арасында байланыстар орнату және мәмілелер жасау үшін сауда алаңын ұсыну жөніндегі технологиялық платформадан тұратын сауда платформасына тиесілі бағдарламалық-аппараттық кешен (jmart.kz);

1.14. **Төлем құралы** – төлем карточкасы немесе ақша аударымын жасауға және (немесе) аударуға, төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға бастамашылық жасауға,

сондай-ақ тапсырысты жүзеге асыруға уәкілеттік берілген, ақша жөнелтушіге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын Банк жасаған QR коды бар өзге де электрондық жеткізгіш;

1.15. **Тауар** – Сайтта Сатушы өткізетін тауарлар/қызметтер/жұмыстар;

1.16. **Сауда платформасы** – Alatau City Club ережелерінде қарастырылған қызметтерді ұсынатын "Jusan Mart" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ("JMart" ЖШС);

1.17. **Ережелерді бұзғаны үшін айыппұл** – Alatau City Club Ережелерін бұзғаны үшін Сатушылардан Сауда платформасы алатын ақша сомасы;

1.18. **QR код** – визуалды машинамен оқылатын штрих кодтарды пайдалана отырып, Тауарды сатуға қатысушыларды сәйкестендіруге, Тауардың төленуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технология.

Ережелерде пайдаланылатын және жоғарыда айқындалмаған өзге де терминдер мен анықтамалар Alatau City Club туралы нұсқауды қамтитын шарттарда көрсетілген мәндерде айқындалады және түсініледі.

2. Alatau City Club-ға қатысу шарттары

2.1. Alatau City Club мақсаты – Клиенттердің бейілділігін арттыру, Сатушылардың тауарларын өткізу нарығын ұлғайту, клиенттік базаны кеңейту, Alatau City Club туралы ақпаратты Интернет желісінде және бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру, Клиенттерге сатып алуға лимиттер шеңберінде не өз қаражаты есебінен сатып алулар жасау мүмкіндігін беру.

2.2. Alatau City Club-қа кіру Alatau City Club туралы нұсқауды қамтитын шарттарды жасасу кезінде осы Ережелердің шарттарын қабылдау және келісу арқылы ерікті негізде жүзеге асырылады. Alatau City Club туралы нұсқауды қамтитын шарттардың тараптары осындай шарттардың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде осы ережелерді мүлтіксіз сақтауға міндетті.

2.3. Сауда платформасы:

2.3.1. Клиенттерге Сатушының (тауарларға қатысты) және Банктің ұсыныстары туралы хабарлайды, сондай-ақ Alatau City Club-ты ақпараттық қолдауды және ілгерілетуді жүзеге асырады. Ақпарат беру тәртібін Сауда платформасы және Банк өз қалауы бойынша анықтайды және Клиенттерге, Сатушыларға Сайтта/МҚ-та осындай ақпаратты жариялау арқылы жеткізіледі;

2.3.2. Alatau City Club дамыту және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша іс-шараларды жүзеге асырады;

2.3.3. Alatau City Club қызметін жарнамалық сүйемелдеуді және ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

2.3.4. Банкпен келісім бойынша Alatau City Club ережесіне толықтырулар мен өзгерістер енгізеді;

2.3.5. Сатушылардың Alatau City Club ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

2.3.6. Alatau City Club шеңберінде олармен жасалған шарттар бойынша Alatau City Club сатушылары алдындағы өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

2.3.7. Клиенттерге өткізілетін акциялар, ұсынылатын жеңілдіктер, оларды ұсыну шарттары туралы, төлем құралдарын пайдалана отырып, тауарды өткізуді жүзеге асыратын Сатушылардың тізбесі туралы хабарлауды жүзеге асырады және өзге де ақпаратты хабарлайды. Клиенттерді хабардар ету бір/немесе бірнеше байланыс арналарымен жүзеге асырылады;

2.3.8. Alatau City Club туралы нұсқауды қамтитын жасалған шарттарда көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

2.3.9. Сайтқа орналастыру үшін жаңа Сатушыларды тарту бойынша жұмыс жүргізеді;

2.3.10. Alatau City Club шеңберінде Банкпен, Сатушымен жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындайды.

2.4. **Банк** Клиенттермен, Сатушылармен, Сауда платформасымен жасалған банктік қызмет көрсету шарттары негізінде:

2.4.1. Төлем құралдарын шығаруды, беруді және оларға қызмет көрсетуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, олардың қолданылу мерзіміне (бар болса) бақылауды жүзеге асырады;

- 2.4.2. Сатушыға өз қалауы бойынша POS-терминал және / немесе QR код және эквайринг қызметтерін ұсынады;
- 2.4.3. Клиенттерге өз қалауы бойынша тауарларды сатып алу лимиттерін ұсынады;
- 2.4.4. Alatau City Club шеңберінде Сатушымен, Сауда платформасымен жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындайды;
- 2.4.5. Клиенттерге, Сауда платформасына, Сатушыға төлемдер мен ақша аударымдарын қабылдау бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

2.5. Сатушы:

- 2.5.1. өз кеңселерінде, өз сайтында, сауда орындарында, сату және / немесе қызмет көрсету орындарында Alatau City Club тауар белгілері мен басқа да белгілерін орналастырады;
- 2.5.2. өз персоналына төлем құралына қызмет көрсету шарттары туралы хабарлайды;
- 2.5.3. Банкпен жасалған шарттар, Alatau City Club шеңберіндегі Сауда платформасы бойынша, сондай-ақ Клиенттермен жасалған тауарларды сатып алу-сату шарттары/мәмілелері бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындайды;
- 2.5.4. егер Клиент Банк шығарған төлем құралдарының бірін пайдаланғысы келсе, Сатушы мұндай төлем құралын төлеуге қабылдауға міндетті. Егер Клиент осындай төлем құралдарымен төлем жасауға ниеттенсе, Сатушыда POS терминал не QR код болмаған жағдайларды қоспағанда, қызмет көрсетуден бас тартуға (мұндай мүмкіндік болған кезде) жол берілмейді;
- 2.5.5. Сауда платформасымен, Банкпен жасалған шарттарда және Alatau City Club туралы нұсқауды қамтитын өзге шарттарда көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

2.6. Сатушыға тыйым салынады:

- 2.6.1. Клиенттен алынған ақпаратты Alatau City Club қызметімен байланысты емес мақсаттарда қолдану/таратуға;
- 2.6.2. Клиенттерге Тауарларды бір тауардың көтеріңкі құны бойынша, оның ішінде басқа төлем тәсілдерімен салыстырғанда Банк шығарған төлем құралын пайдалана отырып сатып алынатын жеңілдіктерді (акцияларды) ескере отырып өткізу;
- 2.6.3. Банк шығарған төлем құралы арқылы және/немесе Alatau City Club-тың кез келген басқа да қызметтерін көрсеткені үшін есеп айырысу кезінде Клиенттерден қосымша төлем талап ету;
- 2.6.4. Клиентке Тауардың орнына ақша беру;
- 2.6.5. Алаяқтық операциялар ретінде бағалануы мүмкін немесе Alatau City Club ережелерін бұзуға, төлем құралы арқылы ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға әкеп соғуы мүмкін өзінің сату нүктелерінде сатып алуды жүзеге асыру мақсатында өз төлем қаражаттарымен өз сату нүктелерінде тауарларды сатып алуды жүзеге асыруға не клиенттермен немесе өзге тұлғалармен сөз байласуға.

3. Төлем құралы

- 3.1. Төлем құралын эмитент банктер пластикте және/немесе электрондық түрде шығарады және ұсынады.
- 3.2. Төлем құралдарын беру талаптары, оның ішінде шығару, беру, оқшаулау және қайта шығару Клиенттердің эмитент банкпен жасасқан шарттары негізінде жүзеге асырылады. Төлем және төлем құралдарын шығару, беру, оларға қызмет көрсету тәртібі жөніндегі шарттар ережелермен реттелмейді.

4. Alatau City Club ережелерін өзгерту және жариялау

- 4.1. Alatau City Club ережелері сайтта /МҚ-та жарияланады.
- 4.2. Сауда платформасы мен Банк кез келген уақытта Сатушымен келіспей бір жақты тәртіпте Alatau City Club ережелерін өзгерте алады.
- 4.3. Ережелердің өзгерістері туралы барлық ақпарат МҚ-та және/немесе сайтта жарияланады және өзгерістер туралы хабардар студің толық және жеткілікті шарты болып табылады.
- 4.4. Alatau City Club қызметі тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған кезде, Сауда платформасы / Банк бұл туралы Сатушыға осындай тоқтату немесе тоқтата тұру сәтіне

дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын бір немесе бірнеше байланыс арналары арқылы хабарлайды.

4.5. Alatau City Club шеңберіндегі Сатушылардың міндеттемелеріне байланысты құжаттарға, шарттарға, келісімдерге, өтініштерге, оның ішінде хабарламаларға, тапсырмаларға, нұсқауларға және өзге де құжаттарға сатушылар динамикалық сәйкестендіру/ЭЦҚ арқылы қол қоя алады.

5. Alatau City Club-тан шығу тәртібі

5.1. Alatau City Club-тан өз еркімен шыққан кезде, сондай-ақ Ережелердің 6.6-тармағында көзделген жағдайда, Сатушы барлық тану белгілерін, сондай-ақ плакаттарды, флаерлерді жоюға, өз сайтынан және жарнамалық материалдардан тиісті ақпаратты жоюға міндетті.

5.2. Сауда платформасы және/немесе Банк Alatau City Club қызметін кез келген уақытта тоқтату немесе тоқтату құқығын өзіне қалдырады және тиісті ақпаратты сайтқа/МҚ-та орналастырады.

5.3. Сатушының Alatau City Club-қа қатысуы Alatau City Club туралы нұсқау қамтылған тиісті шарт тоқтатылған жағдайда тоқтатылады.

5.4. Банктің Alatau City Club-қа қатысуы Сауда платформасымен шарттық қатынастар тоқтатылған жағдайда тоқтатылады.

6. Жауапкершілік

6.1. Ережелердің мақсаттары үшін Сатушының Alatau City Club шеңберінде жасалатын құжаттар мен шарттарды, оның ішінде осы Ережелерді, сауда платформасының қызметтерін көрсету шартын, тауарды сатып алу-сату мәмілелерін және өзге де, оның ішінде Банкпен жасалатын шарттарды орындамауға және тиісінше орындамауға бағытталған жосықсыз әрекеттері ережелерді теріс пайдалану және бұзу деп түсініледі.

6.2. Сатушы Alatau City Club ережелерін бұзғаны үшін Сауда платформасы Сатушыдан Сауда платформасы мен Сатушы арасында жасалатын жеке келісімде көзделген мөлшерде айыппұл (тұрақсыздық төлемін) төлеуді талап етуге құқылы.

6.3. Сатушының Клиентке қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту фактісі анықталған жағдайда, Сатушы айыппұл төлеуден басқа, одан әрі мұндай бас тартуды болғызбау жөнінде шаралар қолдануға міндеттенеді.

6.4. Клиентке ұсынылған төлем құралы бойынша қызмет көрсетуден бас тартқан және бұл ретте өзінің іс-әрекетін уәждемеген Сатушы Сауда платформасының бастамасы бойынша Alatau City Club-қа қатысудан шығарылуы мүмкін.

6.5. Айыппұл Сауда платформасының талабы бойынша ережелерді бұзудың әрбір фактісі үшін төленеді.

6.6. Alatau City Club ережелерін бұзғаны үшін айыппұл төлеуден және Alatau City Club шеңберінде жасалған шарттарда көзделген шаралардан басқа Сатушыға бір немесе бірнеше жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін: А) Сайттан ажырату; б) Alatau City Club-қа қатысуды тоқтату; В) берешекті мерзімінен бұрын өтеу; г) POS-терминалдарды, QR кодты ажырату.

6.7. Сауда платформасы, Банк сауда платформасының, Банктің кінәсіз үшінші тұлғаларға қолжетімді болған кез келген ақпаратты үшінші тұлғалардың пайдалануы нәтижесінде Сатушыға келтірілген залалдың кез келген түрі үшін жауапты болмайды.

6.8. Сатушы Сатушының атынан оның жеке кабинетінде және/немесе интернет/мобильді банкінгте сайтты/МҚ пайдалана отырып жүзеге асырылған кез келген іс-әрекеттер үшін жауапты болады.

6.9. Сатушылардан сатып алынатын Тауарлардың сапасы, кемшіліктері және басқа да қасиеттері үшін жауапкершілік сатушы өзі көтереді.

6.10. Сатушы ақпарат бермеген не дұрыс емес, шындыққа сай емес ақпарат немесе заңсыз ақпарат берген жағдайда, Сауда платформасы мен Банк орналастырылатын ақпараттың мазмұны және ықтимал қолайсыз салдар үшін жауапты болмайды.

6.11. Alatau City Club ережелерінің талаптарын білмеу қандай да бір наразылықтар білдіру үшін негіз болып табылмайды.